

"Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 21 ақпандағы № 67 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 31 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27398 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 21 ақпандағы № 67 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16509 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 427-бабының 1-тармағын және 428-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қағидалар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастыру тәртібін айқындайды.";

4-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Салық және кеден саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 31 наурыздағы
№ 31 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2018 жылғы 21 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
1-қосымша

Қосылған құн салығы есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі

| Р/с № | Атауы | Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН коды) |
|-------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Азаматтық авиация үшін мөлшері бойынша кесілген пішінді кескіндер* | 4008 29 000 0-ден |
| 2. | Вулканизацияланған резеңкеден жасалған конвейер ленталары немесе қозғалтқыш белдіктер немесе бельтинг | 4010 |
| 3. | Азаматтық авиацияға арналған резинатехникалық бұйымдар, резеңкемен қапталған манжеттер* | 4016 93 000 4-ден |
| 4. | Қаптама амортизаторлар, ұштықтар, тұғырықтар* | 4016 93 000 5-ден |
| | 8701 - 8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарына арналған қатты | |

| | | |
|-----|---|-------------------|
| 5. | резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған бұйымдар* | 4016 99 970 8-ден |
| 6. | Табан темір* | 4017 00 000 9-дан |
| 7. | Агломерацияланған табиғи немесе жасанды жемірден немесе керамикадан жасалған тегістеуге, қайрауға, жылтыратуға, киюластыруға немесе кесуге арналған басқа материалдардан жасалған бөлшектермен жиынтықтағы немесе бұл бөлшектерсіз диірмен, қайрак тастар, тегістеу шеңберлері және соған ұқсас тіреусіз конструкция бұйымдары (қолмен қайрауға немесе жылтыратуға арналған тастардан және олардың табиғи тастан жасалған бөліктерінен басқа; фармацевтика өнеркәсібінде пайдаланылатын қыш немесе силикаты материалдардан ((скарификаторлардан) жасалған қайрауға арналған жиектеусіз бұйымдар) | 6804-тен |
| 8. | Суықтай деформацияланған, суықтай тартылған 111x15 шарикті-подшипникті құбырлар* | 7304 31 800 9-ден |
| 9. | Серіппелі қабықтар* | 7320 90 900 8-ден |
| 10. | Қара металдардан жасалған санитарлық-техникалық жабдық ((оның бөлшектерін қоспағанда), азаматтық авиация үшін өзгелері | 7324 90 000 1-ден |
| 11. | Титан-кобальтті және вольфрамды-кобальтты кесу құралдарына арналған қатты қорытпалы пластиналар* | 8209 00 800 0-ден |
| 12. | Тазартқыш қондырғылары бар немесе оларсыз газ генераторлары немесе су газы генераторлары; тазартқыш қондырғылары бар немесе оларсыз ацетиленді газ генераторлары және оларға ұқсас газ генераторлары | 8405 |
| 13. | Су буындағы турбиналар және өзге де бу турбиналары | 8406 |
| | Ауыл шаруашылығы машиналарында, тракторларда, ұшу аппараттарында, электр генераторларында, | |

| | | |
|-----|---|--------------------------------|
| 14. | компрессорларда пайдалануға жататын, поршеннің айналмалы немесе қайтарымды-үдемелі қозғалысымен ұшқындап от алатын іштен жану двигательдері | 8407-ден |
| 15. | Авиациялық двигательдердің тек қана немесе негізінен ұшқындап от алатын поршеньді іштен жану двигательдеріне арналған бөлшектері* | 8409 10 000 0-ден |
| 16. | Азаматтық авиацияға арналған тартымы 25 кН-нан аспайтын турбореактивті қозғалтқыштар | 8411 11 000 1-ден |
| 17. | Азаматтық авиацияға арналған тартымы 25 кН-нан астам, бірақ 44 кН-нан аспайтын турбореактивті қозғалтқыштар | 8411 12 100 1 |
| 18. | Қуаты 10 000 кВт-тан астам гидравликалық турбиналар мен су доңғалақтары | 8410 13 000 0 |
| 19. | Реттеушілерді қоса алғанда, бөліктер | 8410 90 000 |
| 20. | Азаматтық авиацияға арналған тартымы 44 кН-нан астам, бірақ 132 кН-нан аспайтын турбореактивті двигательдер | 8411 12 300-ден |
| 21. | Азаматтық авиацияға арналған тартымы 132 кН-нан астам турбореактивті қозғалтқыштар | 8411 12 800-ден |
| 22. | Азаматтық авиацияға арналған қуаты 1100 кВт-тан аспайтын турбовинтті қозғалтқыштар | 8411 21 000-ден |
| 23. | Азаматтық авиацияға арналған қуаты 1100 кВт-тан астам, бірақ 3730 кВт-тан аспайтын турбовинтті қозғалтқыштар | 8411 22 200-ден |
| 24. | Азаматтық авиацияға арналған қуаты 5000 кВт-тан аспайтын өзге де газ турбиналары | 8411 81 000 1 |
| 25. | Қуаты 5000 кВт-дан астам, бірақ 20 000 кВт-дан аспайтын газ турбиналы двигательдер | 8411 82 200 8 |
| 26. | Қуаты 5000 кВт-дан астам, бірақ 20 000 кВт-дан аспайтын газ турбиналы двигательдер | 8411 82 200 |
| 27. | Қуаты 20000 кВт-тан жоғары, бірақ 50000 кВт-тан аспайтын өзге де газ турбиналары | 8411 82 600 1 8411 82 600 8 |
| | | |

| | | |
|-----|--|-------------------|
| 28. | Азаматтық авиацияға арналған турбореактивті және турбовинтті двигательдердің бөлшектері | 8411 91 000 2-ден |
| 29. | Азаматтық авиацияға арналған турбореактивтілерден басқа, реактивті қозғалтқыштар | 8412 10 000 1 |
| 30. | Азаматтық авиацияға арналған күш қондырғылары және желілік әрекеттегі гидравликалық двигательдер (цилиндрлер) | 8412 21 200 2 |
| 31. | Азаматтық авиацияға арналған өзге де күш қондырғылары мен гидравликалық қозғалтқыштар | 8412 29 200 1 |
| 32. | Азаматтық авиацияға арналған күш қондырғылары және желілік әрекеттегі пневматикалық қозғалтқыштар (цилиндрлер) | 8412 31 000 1 |
| 33. | Азаматтық авиацияға арналған өзге де күш қондырғылары мен пневматикалық қозғалтқыштар | 8412 39 000 1 |
| 34. | Азаматтық авиацияға арналған двигательдер мен күш қондырғыларының бөлшектері | 8412 90 400 2 |
| 35. | Азаматтық авиацияға арналған вакуумды сорғылар | 8414 10-нан |
| 36. | Роторлы поршеньді сорғылар, жылжымалы қалақтары бар роторлы сорғылар, молекулярлы (вакуумды) сорғылар және Рутс үлгісіндегі сорғылар | 8414 10 250 0 |
| 37. | Минутына 2 м ³ -тен астам өнімділігі, буксирге алатын доңғалақты шассидегі әуе компрессорлары | 8414 40 900 0 |
| 38. | Азаматтық авиацияға арналған өзге де желдеткіштер | 8414 51 000 0-ден |
| 39. | Азаматтық авиацияға арналған осьті желдеткіштер | 8414 59 200 0 |
| 40. | Ортадан тепкіш желдеткіштер | 8414 59 400 0 |
| 41. | Көлденеңінен ең үлкен мөлшері 120 см-ден аспайтын тартпалы шкафтар | 8414 60 000 9 |
| 42. | Ылғалдылығын қоса алғанда, ауаның температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған двигателі мен аспаптары бар желдеткішпен жабдықталған, ауаны баптауға арналған қондырғылар орнатылған тоңазытқыш қондырғысы және | 8415 81 009 0-ден |

| | | |
|-----|---|---|
| | салқындалу/жылыту циклын ауыстырып қосуға арналған клапанымен (реверсивті жылу сорғылары) жеке реттеле алмайды, өзгелері | |
| 43. | Азаматтық авиацияға арналған ылғалдылығы жеке реттелмейтін кондиционерлерді қоса алғанда, ауаның температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған қозғалтқышы мен приборлары бар желдеткішпен жабдықталған, ауаны баптауға арналған қондырғылар, тоңазыту қондырғысы орнатылған өзгелері | 8415 82 000 0-ден |
| 44. | Ылғалдылығын орнатылған тоңазытқыш қондырғысыз жеке реттелмейтін кондиционерлерді қоса алғанда, ауаның температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған қозғалтқышы мен аспаптары бар желдеткішпен жабдықталған ауаны баптауға арналған қондырғылар | 8415 83 000 0-ден |
| 45. | Кабинеттерде, автомобильдерде орнатуға жататындардан басқа ылғалдылығы жеке реттелмейтін кондиционерлерді қоса алғанда, ауаның температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған двигателі мен аспаптары бар желдеткішпен жабдықталған, ауаны тазалауға арналған қондырғылар; бөлшектері* | 8415 81 001 0-ден, 8415 82 000 0-ден, 8415 90 000 2, 8415 90 000 9-ден |
| 46. | Сұйық отынға майдаланған қатты отынға арналған немесе газға арналған оттық жанарғылар; механикалық оттықтар, олардың механикалық желтартқыш торларын, механикалық күл аластағыштарын қоса алғанда, және соларға ұқсас қондырғылар | 8416 |
| 47. | Өнеркәсіптік немесе зертханалық ошақтар мен пештер, қоқыс жағатын пештерді қоса алғанда, электрлі емес | 8417 |
| 48. | Сыртқы есіктері бөлек құрастырылған тоңазытқыш-мұздатқыштар | 8418 10 |
| | | |

| | | |
|-----|--|---|
| 49. | Сыйымдылығы 900 литрден аспайтын тік үлгідегі мұздатқыш шкафтар | 8418 40 |
| 50. | Өзге де тоңазыту және мұздату жабдығы | 8418 69 000 |
| 51. | Жылу сорғылар | 8418 61 00 |
| 52. | Тұрмыстық мақсаттарда пайдаланылатын машиналар мен жабдықтарды қоспағанда, ысыту, пісіру, қуыру, тазарту, ректификациялау, зарарсыздандыру, пастерлеу, буландыру, кептіру, булап тазарту, конденсациялау немесе салқындату сияқты температураның өзгеруі процесінде материалдарды өңдеуге арналған электрмен қыздырылатын немесе электрмен қыздырылмайтын машиналар, өнеркәсіптік немесе зертханалық жабдық (8514 тауар позициясындағы пештерді, камераларды және басқа да жабдықты қоспағанда); инерттік емес су қыздырғыштар немесе жылу беретін су аккумуляторлары, электрлі емес | 8419 11 000 0, 8419 19 000 0, 8419 31 000 0- 8419 81 200 0, 8419 89-8419 90 |
| 53. | Металл немесе шыны өңдеуге арналған машиналардан басқа, каландрлар немесе басқа білікті (роликті) машиналар | 8420 10 |
| 54. | Ортадан тепкіш кептіргіштерді қоспағанда, центрифугалар (зертханаларда медициналық немесе фармацевтикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын үлесінен басқа); медициналық немесе фармацевтикалық мақсаттар үшін пайдалануға жататындардан басқа, сұйықтарды немесе газдарды сүзуге немесе тазартуға арналған жабдық пен құрылғылар* | 8421-ден |
| 55. | Жасанды тоқыма материалдарынан жасалған сүзгілер және сүзгі элементтері* | 8421 31 000 9-дан, 8421 99 000-ден |
| 56. | Өзге де газды сүзуге немесе тазартуға арналған өзге де жабдықтар | 8421 39 800 6 |
| | Ыдыс жуатын машиналар (тұрмыстық машиналардан басқа), | |

| | | |
|-----|--|-------------------------------|
| 57. | шөлмектерді немесе басқа да ыдыстарды жууға немесе кептіруге арналған жабдық; шөлмектерді, қалбырларды толтыруға, тығындауға, жәшіктерді, қаптарды, немесе басқа ыдыстарды жабуға, оларға сүргі соғуға немесе жапсырма желімдеуге арналған жабдық; шөлмектерді, қалыптарды, трубаларды және соларға ұқсас ыдыстарды қақпақшалармен немесе қақпақтармен саңылаусыз тығындауға арналған жабдық; буып-түюге немесе орауға арналған өзге де жабдық (тауарды орау материалының термоқондырғысымен орайтын жабдықты қоса алғанда); сусындарды газдандыруға арналған жабдық | 8422 19 000 0-8422 90 900 0 |
| 58. | ВНК-200 (конвейерлік үздіксіз өлшеу таразылары) | 8423 20 000 0-ден |
| 59. | Өлшенетін жүктің ауырлық күшімен іске қосылатын, ең жоғарғы өлшеу салмағы 30 кг-дан астам, бірақ 5000 кг-дан аспайтын есептеу немесе бақылау машиналарын қоса алғанда, өлшеуге арналған жабдықтар (сезімталдығы 0,05 г немесе одан да жоғары таразылардан басқа), өзгелері | 8423 82 900 0 |
| 60. | Бүріккіштер және ұқсас құрылғылар | 8424 20 000 0 |
| 61. | Бу атқылайтын немесе құм себелейтін машиналар және оларға ұқсас атқылау құрылғылары | 8424 30 |
| 62. | Ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған басқа да құрылғылар | 8424 82 8424 41 8424 49 |
| 63. | Төңгершекті көтергіштерден басқа , көтергіш тальдар және көтергіштер; шығырлар және кабестандар; автомобильдерге арналған тасымалды домкраттардан басқа домкраттар* | 8425-тен |
| 64. | Азаматтық авиацияға арналған электр қозғалтқыштан жетегі бар өзге де шығырлар | 8425 31 000 0-ден |
| | | |

| | | |
|-----|--|---|
| 65. | Азаматтық авиацияға арналған өзге де шығырлар | 8425 39 000 4 |
| 66. | Кеменің деррик-крандары; кабель-крандарды қоса алғанда, көтергіш крандар; көтергіш кранмен жарақталған көтергіш жылжымалы фермалар, порталды жүк тиегіштер мен тіркемелер, жүк көтерімділігі 0,5 тоннадан 60 тоннаға дейін электрлі көпірлі крандарды, жүк көтерімділігі 5 тоннадан 32 тоннаға дейін электрлі төрт тағанды крандарды, жол автокөлік құралдарында монтаж үшін арналған, жүк көтерімділігі 10 тоннадан 25 тоннаға дейін крандардан басқа гидравликалық крандар | 8426-дан (8426990000, 8426919009 басқа) |
| 67. | Ашалы қармауышы бар автотиегіштер; көтергіш немесе тиеу-түсіру жабдығымен жарақтандырылған өзге де тиегіштер | 8427 |
| 68. | Көтеруге, тасымалдауға, тиеуге немесе түсіруге арналған өзге де машиналар мен құрылғылар (мысалы, лифтілер, эскалаторлар, конвейерлер, аспалы жолдар) | 8428(8428909000,8428330000, 8428102009, 8428392000, 8428330000, 8428907100, 8428102001, 8428102002, 8428400000 басқа) |
| 69. | Бұрылмайтын және бұрылатын қайырмасы бар бульдозерлер, грейдерлер, тегістегіштер, скреперлер, механикалық күректер, экскаваторлар, бір шөмішті тиеуіштер, тегістейтін машиналар, өздігінен жүретін жол тегістейтін тығыздағыштар* | 8429 (8429590000, 8429190009, 8429519900 басқа) |
| 70. | Топырақты, пайдалы қазбаларды немесе кенді тасымалдауға, жоспарлауға, бейіндеуге, әзірлеуге, таптауға, нығыздауға, ойып алуға немесе бұрғылауға арналған машиналар мен орын алмастыруға арналған өзге де тетіктер; қазықтар қағуға және оларды суырып алуға арналған жабдық; соқалы және роторлы қар тазартқыштар | 8430 (8430690008, 8430490009, 8430490001, 8430200000, 8430500009, 8430410008 басқа) |
| 71. | Топырақты дайындауға және өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы, бау-бақша немесе | 8432 (8432210000, 8432391900, 8432100000, 8432310000, |

| | | |
|-----|---|---|
| | орман шаруашылығы машиналары ; көгалдарға немесе спорт алаңдарына арналған аунақтар | 8432310000, 8432291000, 84322291000, 8432293000 басқа) |
| 72. | Пресс жинағыштарды коса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар немесе тетіктер, сабанды немесе пішенді дестелерге буып-түюге арналған престер; пішен шалғылары және көгал шалғылары; 8437 тауар позициясының машиналарынан басқа, жұмыртқаларды, жемістерді немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сорттауға немесе калибрлеуге арналған машиналар | 8433 (басқа 8433 51 000 1, 8433 51 000 9, (селекциялық комбайндарды қоспағанда), сондай-ақ 8433 59 850 9 тауар позициясының ені 7, 9, 12, 16 метр дәнді дақылдарды жинауға арналған тіркемелі және аспалы дестелегіштерден басқа (күріш, жүгері, майлы және бұршақ дақылдарын, іріктегіштерді, көшіргіш кесіндісі бар дестелегіштерді жинауға арналған дестелегіштерді қоспағанда), 8433 20 500 0, 8433 30 000 0, 8433 90. |
| 73. | Шөп дайындауға арналған машиналар (айналмалы, бүйір жақ тырма және шабылған шөпті ауыстыратын машиналардан басқа)* | 8701 30 000 0-ден |
| 74. | бөліктер | из 8433 90 000 0 |
| 75. | Сауын қондырғылары мен аппараттары, сүт өңдеуге және қайта өңдеуге арналған жабдық | 8434 |
| 76. | Шарап жасауға, сидр, жеміс шырындарын немесе оларға ұқсас сусындар өндіруге арналған престер, ұсатқыштар және оларға ұқсас жабдық | 8435 |
| 77. | Механикалық немесе қыздырғыш құрылғылары бар тұқым өсіруге арналған жабдықты қоса алғанда, ауыл шаруашылығына, бау-бақшаға, орман шаруашылығына, құс шаруашылығына немесе омарташылыққа арналған жабдық; құс шаруашылығына арналған инкубаторлар мен брудерлер | 8436 |
| 78. | Тұқымдарды, астықты және құрғақ бұршақ дақылдарын тазартуға, сорттауға: немесе іріктеуге арналған машиналар; ауыл шаруашылығы фермаларында пайдаланылатын жабдықтан басқа, ұн тарту | 8437 |

| | | |
|-----|---|----------------------------|
| | өнеркәсібіне арналған немесе дәнді немесе құрғақ бұршақ дақылдарын өңдеуге арналған жабдық | |
| 79. | Мал немесе ұшпайтын өсімдік тоң майларын немесе майларын айырып алуға немесе дайындауға арналған жабдықтан басқа, азық-түлік өнімдерін немесе сусындарды өнеркәсіптік дайындауға немесе өндіруге арналған, осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жабдық | 8438 |
| 80. | Талшықты целлюлоза материалдарынан қоспа шығаруға немесе қағаз немесе картон дайындауға немесе өңдеуге арналған жабдық | 8439 (8439430000 басқа) |
| 81. | Кітап блоктарын тігуге арналған машиналарды қоса алғанда, түптеу жабдығы | 8440 |
| 82. | Барлық үлгідегі кесетін машиналарды қоса алғанда, қағаз қоспасынан, қағаздан немесе картоннан бұйымдар жасауға арналған өзге де жабдық | 8441 |
| 83. | Пластиналарды, цилиндрлерді немесе басқа да баспа нысандарын дайындауға немесе жасауға арналған машиналар, аппаратура және жабдық (8456 - 8465 тауар позицияларының станоктарынан басқа); пластиналар, цилиндрлер және басқа да баспа нысандар; баспа мақсаттары үшін дайындалған пластиналар, цилиндрлер және литографиялық тастар (мысалы, жоңылған, ажарланған немесе жылтыратылған) | 8442 |
| 84. | Пластиналардың, цилиндрлердің және 8442 тауар позициясының басқа да баспа нысандары арқылы басып шығару үшін пайдаланылатын баспа машиналары; өзге де принтерлер, көшіру аппараттары мен біріктірілген немесе біріктірілмеген факсимильді аппараттар; олардың бөлшектері мен керек-жарақтары | 8443 (8443 91 басқа) |
| | | |

| | | |
|-----|--|---|
| 85. | Химиялық тоқыма материалдарын жаншуға, созуға, текстурлауға немесе кесуге арналған машиналар | 8444 00 |
| 86. | Тоқыма талшықтарды дайындауға арналған машиналар; тоқыма жіпті дайындауға арналған иіру, созу немесе орау машиналары және басқа да жабдық; піллә орайтын немесе орайтын (жіңішке орауды қоса алғанда) тоқыма машиналар және оны 8446 немесе 8447 тауар позициясының машиналарында пайдалануға арналған тоқыма жіпті дайындайтын машиналар | 8445 |
| 87. | Тоқыма станоктары | 8446 |
| 88. | Позументтік жіп, перде, шілтер, кесте жіптердің жиегін алуға, таспа немесе тор тоқуға арналған тігін, тоқыма-тігін машиналары және тафтингтік машиналар | 8447 |
| 89. | Фетр қалпақ жасауға арналған жабдықты қоса алғанда, киіз және фетр немесе тоқыма емес материалдарды бөлшекте немесе пішінде жасауға немесе өндеуге арналған жабдық; қалпақтар дайындауға арналған қалыптар | 8449 00 000 0 |
| 90. | Жууға, тазалауға, сынуға, кептіруге, үтіктеуге, бастыруға (материалдарды ыстықтай қалыптау үшін бастыруды қоса алғанда), ағартуға, бояуға, аппреттеуге, әрлеуге, иірімжіптерді, маталарды немесе тоқыма бұйымдарын жабынмен қаптауға жабуға немесе өндеуге арналған жабдық (8450 тауар позициясының машиналарынан басқа) және линолеум сияқты едендік төсеніштерді өндіруге пайдаланылатын мата немесе басқа да негізге паста жағуға арналған машиналар; тоқыма маталарды орауға, тарқатуға, жинауға, кесуге немесе тесуге арналған машиналар (тұрмыстық үтіктеу машиналарынан басқа) | 8451 (8451 21 000, 8451 90 000 0 басқа) |
| 91. | Тігін машиналары, 8440 тауар позициясының кітап блоктарын тігуге арналған машиналардан | |

| | | |
|------|---|-------------------------------------|
| | басқа; автоматтандырылған; басқалары | 8452 21 000 0, 8452 29 000 0 |
| 92. | Тігін машиналарынан басқа, теріні немесе былғарыны дайындауға, илеуге немесе өңдеуге арналған немесе теріден немесе былғарыдан аяқ-киім немесе басқа бұйымдар дайындауға немесе жөндеуге арналған жабдық | 8453 |
| 93. | Металлургияда немесе құю өндірісінде пайдаланылатын конвертерлер, құю шөміштері, құймақалыптар және құю машиналары | 8454 (8454900000, 8454200000 басқа) |
| 94. | Металл прокаттау орнақтары | 8455 10 000 0 - 8455 22 000 |
| 95. | Лазерлі немесе басқа да жарық немесе фотонды сәуленің, ультрадыбысты, электр разрядты, электр-химиялық, электронды сәулелік, ионды сәулелік немесе плазмалық-доғалық процестердің көмегімен материалды кетіру жолымен кез келген материалдарды өңдеуге арналған станоктар | 8456 |
| 96. | Өңдеу орталықтары, металл өңдеуге арналған бір тұғырлы және көп тұғырлы агрегат станоктары | 8457 |
| 97. | Сандық бағдарламамен басқарылатын металл кесетін өзге көлденең токарлық станоктар | 8458 11 800 0 |
| 98. | Сандық бағдарламамен басқарылатын металл кесетін көп нысаналы тік токарлық-тербелмелі станоктар* | 8458 91 200 9-ден |
| 99. | Сандық бағдарламамен басқарылатын басқармалы үш осі бар металл кесетін тік токарлық-тербелмелі станоктар* | 8458 91 800 9-дан |
| 100. | Металл кесетін өзге токарлық-тербелмелі станоктар* | 8458 99 000 9-дан |
| 101. | 8458 тауар позициясының токар станоктарынан басқа (көп мақсатты токарлық станоктарды қоса алғанда), металды кетіру жолымен бұрғылауға, қашап өңдеуге, жоңғылауға, сыртқы немесе ішкі оймалар тесуге арналған металл кесетін станоктар | 8459 |

| | | |
|------|---|----------------------------|
| | (желілік құрылысты агрегат станоктарын қоса алғанда) | |
| 102. | Сыдыра-тегістеу, қайрау, тегістеу, хонингтеу, ысқылау, жылтырату және 8461 тауар позициясының тісті кесу, тісті тегістеу немесе тісті өңдеу станоктарынан басқа, металдар мен қыш металдарды тегістеуші тастардың, қажақтардың және жылтыратушы құралдардың көмегімен басқа да тазалап өңдеу операцияларын орындауға арналған станоктар | 8460 (8460909009 басқа) |
| 103. | Бойлап сүргілеу, көлденең сүргілеу, уату, созу, тісті кесу, тісті тегістеу немесе тісті өңдеу, аралау, кесу станоктары және материалды кетіру арқылы металдарды немесе қышметалды өңдеуге арналған басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген басқа да станоктар | 8461 |
| 104. | Металдарды көлемді қалыптап, соғып немесе қалыптап өңдеуге арналған станоктар (престерді қоса алғанда); металл өңдеуге арналған ию, шеттерін ию, түзу, кесу, тесу немесе шабу станоктары (престерді қоса алғанда); жоғарыда аталмаған металдарды немесе металл карбидтерін өңдеуге арналған престер | 8462 (8462918009 басқа) |
| 105. | Материалды кетірмей металдарды немесе қышметалды өңдеуге арналған өзге де станоктар | 8463 |
| 106. | Тас, қыш, бетон, асбестцемент немесе соған ұқсас минералды материалдар өңдеуге арналған немесе шыныны суықтай өңдеуге арналған станоктар | 8464 |
| 107. | Ағаш, тығын, сүйек, эбонит, қатты пластмассалар немесе соған ұқсас қатты материалдар өңдеуге арналған станоктар (шегенің, қапсырманың, желімнің көмегімен немесе басқа да тәсілдермен жинауға арналған машинаны қоса алғанда) | 8465 |
| | 8515 тауар позициясының машиналары мен аппараттарынан басқа кесуге жарамды немесе | |

| | | |
|------|---|---|
| 108. | жарамсыз, төменгі температурада дәнекерлеуге, жоғарғы температурада дәнекерлеуге немесе пісіруге арналған жабдық пен аппараттар; газбен жұмыс істейтін беткі жағын термоөңдеуге арналған машиналар мен аппараттар | 8468 |
| 109. | Есептеу машиналары және олардың блоктары; магнитті немесе оптикалық санағыш құрылғылар, деректерді кодталған нысандағы ақпарат тасымалдағыштарға тасымалдауға арналған машиналар және осыған ұқсас ақпаратты өңдеуге арналған, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген машиналар (тау-кен суртосуренсу арналған компьютерлер қоспағанда)* | 8471 (8471 30 000 0, 8471900000, 8471500000, 8471490000-ден басқа) |
| 110. | Карточкаларды оқитын құрылғылары (карт-ридерлері) бар төлем картақаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын микрокомпьютерлер* | 8471 30 000 0-ден |
| 111. | Импринтерлер (imprinter); төлем картақаларын дербестендіруге арналған құрылғылар; эмброссерлер (embossing machine, embosser); электронды депозитарлық машиналар; кэш-диспенсерлер (Cash Dispenser)* | 8472 90 990 0 |
| 112. | Почта хат-хабарларын сортауға немесе қаттап салуға немесе конверттерге салуға, немесе байлауға арналған машиналар, почта хат-хабарларын ашуға, жабуға немесе сүргіш салуға арналған машиналар және почта маркаларын желімдеуге немесе тоқтатуға арналған машиналар | 8472 30 000 0 |
| 113. | Банкоматтар (Automatik teller (Telling) Machine)* | 8472 90 300 0 |
| 114. | 8471 тауар позициясы машиналарының бөлшектері мен керек-жарақтары | 8473 30 |
| | Топырақты, тасты, кенді немесе қатты қалыптағы басқа да минералды қазбаларды (оның ішінде ұнтақ түріндегі және паста | |

| | | |
|------|---|--|
| 115. | түріндегі) сорттауға, електен өткізуге, сепаратордан өткізуге; жууға, ұсақтауға, тартуға, қосуға немесе араластыруға арналған жабдық; қатты минералды отынды, қыш құрамды, қатайып кетпеген цементті, гипс материалдарын немесе басқа да минералды заттарды ұнтақ күйіндегі немесе паста күйіндегі жағдайда агломерациялауға, қалыптауға немесе құюға арналған жабдық; құмнан құю пішіндерін жасауға арналған қалыптау машиналары | 8474 (8474 32 000 0-нан басқа) |
| 116. | Электр немесе электронды шамдарды, түтікшелерді немесе электронды-сәулелік түтікшелерді немесе шыны колбалардағы газды-разрядты шамдарды құрастыруға арналған машиналар; шыныны немесе шыны бұйымдарын дайындауға немесе ыстықтай өңдеуге арналған машиналар | 8475 |
| 117. | Резеңкені немесе пластмассаны өңдеуге арналған немесе осы материалдардан өнім шығаруға арналған басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген жабдық | 8477 |
| 118. | Темекі дайындауға және жасауға арналған, осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жабдық | 8478 10 000 0 |
| 119. | Осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жеке функциялары бар машиналар мен механикалық құрылғылар | 8479 (8479899708-ден басқа) |
| | | 8609 00 900 9, 7308 90 990 0, 8428 90 900 0, 8427 20 190 9, 8414 80 220 0, 8425 11 000 0, 7302 10 500 0, 4017 00 000 9, 8461 50 190 9, 8516 40 000 0, 8205 70 000 0, 8467 22 900 0, 8421 39 200 9, 8467 19 000 0, 8467 11 900 0, |

| | | |
|------|---|---|
| 120. | Жеке функциялары бар модульдік үйлерді дайындауға арналған, осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жабдық және жиынтықтаушылар | 7326 90 980 8, 8513 10 000 0, 8424 30 100 0, 8202 10 000 0, 8205 20 000 0, 8467 29 300 0, 8464 10 000 0, 8467 29 530 0, 8716 39 300 9, 8416 10 900 0, 8701 10 000 0, 8701 90 350 0, 8465 99 000 0, 8405 10 000 9, 8716 80 000 0, 8205 59 809 9, 8208 90 000 0, 8205 59 809 9 |
| 121. | Металл құю өндірісіне арналған опокалар; құю табандықтары; құю модельдері; металдарды, металл карбидтерін, шыныны, минералды материалдарды, резеңкені немесе пластмассаларды құюға арналған қалыптар (құймақалыптардан басқа) | 8480 |
| 122. | Темір жол көлігінің жылжымалы және жүк тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, өзге де шарикті подшипниктер* | 8482 10 900-ден |
| 123. | Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, сепаратормен және роликтермен жиынтықтағы ішкі конус сақиналарды қоса алғанда, роликті-конусты подшипниктер* | 8482 20 000 |
| 124. | Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, роликті сфералық подшипниктер* | 8482 30 000 |
| 125. | Ине тәрізді роликті подшипниктер | 8482 40 000 |
| 126. | Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, өзге де цилиндрлік роликті подшипниктер | 8482 50 000 |
| 127. | Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, қиыстырылған шарикті - | 8482 80 000 |

| | | |
|------|--|--|
| | роликтілерді қоса алғанда, өзге де подшипниктер | |
| 128. | Шариктер, инелі роликтер және роликтер | 8482 91 |
| 129. | Азаматтық авиацияға арналған трансмиссия біліктері (жұдырықша және иінді біліктерді қоса алғанда) мен қос иіндер | 8483 10-нан |
| 130. | Бірнеше элементтерден құрастырылған (құрама) иінді біліктер | 8483 10 290 9-дан |
| 131. | Шарикті және роликті подшипниктер орнатылған подшипниктер корпустары | 8483 20 000 0 |
| 132. | Азаматтық авиацияға арналған шарикті немесе роликті подшипниктер орнатылмаған подшипниктердің корпустары; біліктер үшін сырғанау подшипниктері | 8483 30-дан |
| 133. | Шарикті және роликті подшипниктерге арналған подшипниктер корпустары | 8483 30 320 |
| 134. | Біліктермен жиынтықтағы тіссіз берілістер мен тісті доңғалақтар; беріліс қораптары және басқа да жылдамдық вариаторлары* | 8483 40-тан, 8483 90-нан |
| 135. | Шкивтердің блоктарын қоса алғанда, тегершіктер мен шкивтер | 8483 50 (8483502000, 8483508000-ден басқа) |
| 136. | Жалғастырғыштар мен біліктерді қосуға арналған құрылғылар (әмбебап топсаларды қоса алғанда) | 8483 60 (8483602000, 8483608000-ден басқа) |
| 137. | Азаматтық авиацияға арналған тісті дөңгелектер, тізбекті жұлдызшалар және жеке қойылған басқа да беріліс элементтері; бөліктері | 8483 90-наң (8483908909 басқа) |
| 138. | Кемелерге арналған бұрамалар, олардың қоладан жасалған қалақтары | 8487 10 100 0 |
| 139. | Кемелерге арналған бұрамалар және олардың қалақтары басқалар | 8487 10 900 0 |
| 140. | Электр двигательдері мен генераторлары электргенераторлық қондырғылардан басқа) | 8501 (8501539900-дан басқа) |
| 141. | Электргенераторлық қондырғылар және айналмалы электр түрлендіргіштер | 8502 |
| | | |

| | | |
|------|--|-------------------------|
| 142. | Тек қана немесе негізінен 8501 немесе 8502 тауар позицияларының машиналарына арналған бөлшектер | 8503 00 |
| 143. | Никель-кадмийлі күш аккумуляторлары өзгелері | 8507 30 800 0 |
| 144. | Іштен жану двигательдерін ұшқыннан немесе жанғыш қоспаларды қысу арқылы тұтандыруға және іске қосуға арналған электр жабдығы (мысалы , магнето, тұтандыру катушкалары , тұтандыру шырақтары, қыздыру шырақтары, стартерлер); осы двигательдермен бірге пайдаланылатындар үлгісіндегі генераторлар (мысалы, тұрақты және айнымалы тоқтың) мен ажыратқыштар | 8511 |
| 145. | Электр жарығын беру немесе дабыл беру жабдығы (8539 тауар позициясының бұйымдарынан басқа), велосипедтерде немесе моторлы көлік құралдарында пайдаланылатын шыны тазалағыштар, күңгірттенуге қарсы және булануға қарсы жабдықтар | 8512 |
| 146. | Өнеркәсіптік немесе зертханалық электр пештері мен камералары (индукция немесе диэлектрлі шығындар құбылыстарының негізінде жұмыс істейтіндерді қоса алғанда); материалдарды индукция немесе диэлектрлі шығындар құбылыстарының көмегімен термикалық өңдеуге арналған өнеркәсіптік немесе зертханалық жабдық | 8514 (8514108000 басқа) |
| 147. | Олардың кесу операцияларын орындай алатындығына немесе орындай алмайтындығына қарамастан, электрлі (соның ішінде газды электрмен қыздыру) лазерлік немесе басқа да жарық немесе фотонды, ультрадыбысты, электронды-сәулелі, магнитті-импульсті немесе плазмалы-доғалы төменгі температурада дәнекерлеуге, жоғары температурада дәнекерлеуге немесе пісіруге арналған машиналар мен | 8515 |

| | | |
|------|--|--|
| | аппараттар; металдарды немесе қышметалды ыстық күйінде тозаңдатуға арналған машиналар мен аппараттар | |
| 148. | Есептеуіш машиналардың құрылғылары; телефондық немесе телеграфтық сымды байланысқа арналған коммутаторлар; жеткізгіш жиіліктегі сымды байланыс жүйесіне арналған немесе байланыстың цифрлық сымды жүйесіне арналған аппаратуралар; шкафтар, жәшіктер, телефон қораптары, тарату шкафтары, тіреулер; бөлшектері* | 8517 62 000-ден 8517 70 |
| 149. | Радиолокациялық, радионавигациялық аппаратура және қашықтықтан басқару радиоаппаратурасы | 8526 (8526100009, 8526920000, 8526920008 басқа) |
| 150. | Радиохабарларын таратуға арналған, дыбыс жазатын немесе дыбыс шығаратын аппаратурамен немесе сағатпен бір корпуста бірге немесе бөлек орналастырылған-қабылдау аппаратурасы; өзгелері; Моторлы көлік құралдарында қолданатын сыртқы қорек көзінсіз жұмыс; істей алмайтын кең ауқымда хабар таратқыш радиоқабылдағыштар дыбыс жазғыш немесе шығарғыш аппаратурасымен бірге орнатылғандары | 8527 19 000 0, 8527 21 |
| 151. | Антенналар және барлық үлгідегі антенналық шағылдырғыштар; осы бұйымдар мен бірге пайдаланылатын бөлшектер | 8529 10 |
| 152. | Ғимараттарда пайдаланылатын, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе сындырудан қорғауға арналған электрлі дабыл беруші құрылғылар | 8531 10 300 0-ден |
| 153. | Сөндіргіштер, ажыратып қосқыштар, кнопкалы ажыратып қосқыштардың блоктары, контакторлар* | 8536 20 900 8, 8536 50 800 0-ден (8536201008 басқа) |
| 154. | Коммутацияға немесе электр тізбектерін қорғауға арналған немесе электр тізбектеріне немесе | |

| | | |
|------|--|--|
| | электр тізбектерінде қосуға арналған электр аппаратурасы; өзге де құрылғылар | 8536 90 (8536900100, 8536901009, 8536901000 басқа) |
| 155. | 100 В-дан астам кернеуге ультракүлгін немесе инфрақызыл сәуле шамдарын қоспағанда, өзге де қыздыру шамдары | 8539 29 920 0 |
| 156. | Диодтар, транзисторлар мен соған ұқсас жартылай өткізгіш құралдар ; модульдерге жиналған немесе жиналмаған, панельдерге монтаждалған немесе монтаждалмаған фотогальваникалық элементтерді қоса алғанда, фотосезімтал жартылай өткізгіш құралдар; сәуле шашқыш диодтар; жинақтамадағы пьезоэлектрлік кристалдар | 8541 |
| 157. | Электронды интегралды сызбалары | 8542 |
| 158. | Осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жеке функциялары бар электр машиналары мен аппаратура | 8543 |
| 159. | Автосымдар* | 8544 42 900 9-ден |
| 160. | Пештерде пайдаланылатын электродтар | 8545 11 00 |
| 161. | Графиттелген электродтар* | 8545 11008 9-дан |
| 162. | Электролизді құрылғыларға арналған электродтар | 8545 19 000 0 |
| 163. | Электр қуатының сыртқы көзінен қоректенетін темір жол локомотивтері (магистральдық локомотивтерді қоспағанда) | 8601 10 000 0 |
| 164. | Электр энергиясының сыртқы көзінен қоректенетін 8604 тауар позициясына кіретіндерден басқа, моторлы темір жол жолаушылар, тауар немесе жүк вагондары, ашық платформалар | 8603 10 000 |
| 165. | Барлық типті вагон-цистерналар | 8606 10 000 0 |
| 166. | Темір жол локомотивтерінің немесе жылжымалы құрамның бөлшектері* | 8607-ден (8607191809 басқа) |
| 167. | 3 тк шынжыр табанды тракторларды (8709 тауар позициясының тракторларынан басқа), 8701 92, 8701 93, 8701 94 100 9 тауар позициясының қуаты | 8701-ден (8701941009 басқа) |

| | | |
|------|---|--|
| | 100 кВт-ке дейінгі, 8701 94 500 0 тракторларынан басқа, тракторлар | |
| 168. | Өзге де шынжыр табанды тракторлар (3 т. к. шынжыр табанды тракторлардан басқа)* | 8701 30 000 9-дан |
| 169. | Көлік құралының толық массасы 20 тоннадан асатын, қысымнан от алатын поршеньді іштен жану двигателі (дизельді немесе жартылай дизельді) бар жүк тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары, жаңалары | 8704 23 910 (8704 23 910 8 тауар позициясының өздігінен түсіргіш техникасынан басқа) |
| 170. | Автомобильдің толық массасы 20 тоннадан асатын, қысымнан от алатын поршеньді іштен жану двигателі (дизельді немесе жартылай дизельді) бар жүк тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары, бұрын қолданыста болғандары | 8704 23 990 (өздігінен түсіргіш техникадан басқа) |
| 171. | Көлік құралының толық массасы 5 тоннадан астам жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары | 8704 32 |
| 172. | Жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдауға пайдаланылатындардан басқа, арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары (мысалы, авариялық жүк автомобильдері, автокрандар, өрт сөндіргіш көлік құралдары, автобетонараластырғыштар, жолдарды тазалауға арналған автомобильдер, су құю-жуу автомашиналары, автошеберханалар, рентген қондырғылары бар автомобильдер) | 8705 |
| 173. | 8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған двигательдер орнатылған шассилер | 8706 00-ден |
| 174. | ВТЗ-30СШ өздігінен жүретін шасси | 8706 00-ден |
| 175. | Трактор кабинасын жылытқыштар , амортизаторлар* | 8708 29 900-ден |
| 176. | Тракторға арналған трансмиссиялар* | 8708 50 350-ден |
| | | |

| | | |
|------|--|--------------------------|
| 178. | Аунақтың осі, роликтің осі, иінді ось, шынжыр табан буынының бунағы* | 8708 70 990-ден |
| 179. | Тракторға арналған радиаторлар* | 8708 91 990-ден |
| 180. | Терминалдар мен порттарда контейнерлерді жылдамдықпен ауыстыруға арналған тіркемеплатформалары бар арнайы тартқыш тракторлар, электрлі* | 8709 11 900 0-ден |
| 181. | Терминалдар мен порттарда контейнерлерді жылдамдықпен ауыстыруға арналған тіркемеплатформалары бар арнайы тартқыш тракторлар, өзге де* | 8709 19 900 0-ден |
| 182. | Жүктерді тасымалдауға арналған өзге де жартылай тіркемелер, жаңалары | 8716 39 300 |
| 183. | Жүктерді тасымалдауға арналған өзге де тіркемелер және жартылай тіркемелер, бұрын қолданыста болғандары | 8716 39 800 |
| 184. | Өзге де тіркемелер және жартылай тіркемелер өзгелер | 8716 40 000 0 |
| 185 | бөлшектер | 8716 90 |
| 186 | шасси | 8716 90 100 0 |
| 187 | шанақ | 8716 90 300 0 |
| 188 | осьтер | 8716 90 500 0 |
| 189 | басқа да бөлшектер | 8716 90 900 0 |
| 190. | Өзге де ұшу аппараттары (мысалы , тікұшақтар, ұшақтар) | 8802 11 000 0-8802 40 00 |
| 191. | Азаматтық авиацияға арналған шассилер және олардың бөлшектері | 8803 20 000 0-ден |
| 192. | Азаматтық авиацияға арналған ұшақтардың өзге де бөлшектері | 8803 30 000 0-ден |
| 193. | Саяхаттық, экскурсиялық кемелер, паромдар, жүк кемелері, баржалар және жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдауға арналған ұксас жүзу құралдары | 8901 |
| 194. | Балық аулау кемелері; жүзбелі базалар және балық өнімдерін қайта өңдеуге және консервілеуге арналған өзге де кемелер | 8902 00 |
| 195. | Буксирлер және итергіш кемелер | 8904 00 |
| 196. | Басқа да жер снарядтары | 8905 10 900 0 |

| | | |
|------|---|-------------------|
| 197. | Каспий теңізінде су тереңдігі 2,5 метрден кем емес, бірақ 5,5 метрден аспайтын тереңдігі 6000 метрге дейін мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау үшін батырылмалы бұрғылау қондырғылары | 8905 20 000 0 |
| 198. | Кеме қатынасының сапасы олардың негізгі функцияларымен салыстырғанда екінші дәрежелі болып табылатын басқа да жүзбелі теңіз маяктары, өрт сөндіру кемелері, жүзбелі крандар және басқа да кемелер; Жүзбелі доктар | 8905 90 100 |
| 199. | Су астын суретке түсіруге және әуеден суретке түсіруге, ішкі органдарды медициналық немесе хирургиялық зерттеуге арнайы арналған фотокамералар; сот немесе криминалдық мақсаттарға арналған салыстыру жүргізуге мүмкіндік беретін камералар | 9006 30 000 0 |
| 200. | Кинематографиялықтан басқа, бейнелердің жобалауыштары | 9008 50 000 0-ден |
| 201. | Фотопенкаларды (кинопенкаларды қоса алғанда) немесе орамдағы фотоқағазды автоматты түрде шығаруға немесе орамдағы фотоқағазға автоматты түрде басып шығаруға арналған аппаратура мен жабдық | 9010 10 000 0 |
| 202. | Фотозертханаларға (кинозертханаларды қоса алғанда) арналған аппаратура мен жабдық, өзгелері; негатоскоптар | 9010 50 000 0 |
| 203. | Аэронавигацияға немесе ғарыштық навигацияға арналған құралдар мен аспаптар (компастардан басқа) | 9014 20 |
| 204. | Өзге де құралдар мен аспаптар | 9014 80 000 0 |
| 205. | Компастардан басқа, геодезиялық немесе топографиялық (фотограмметриялықты қоса алғанда), гидрографиялық, океанографиялық, гидрологиялық, метеорологиялық немесе геофизикалық, құралдар мен аспаптар; алыстан өлшегіштер | 9015 |
| | Медицинада пайдалануға жатпайтын механикалық детальдары және ауыспалы | |

| | | |
|------|--|-------------------|
| 206. | сүзгіштері жоқ қорғаныш маскаларынан басқа, өзге де тыныс алу жабдықтары мен газ маскалары* | 9020 00 000 0-ден |
| 207. | Рентгенографиялық немесе радиотерапевтік аппаратураны қоса алғанда, рентген сәулесін пайдалануға негізделген өзге аппаратура, медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық пайдалануға арналмаған | 9022 19 000 0-ден |
| 208. | Алфа-, бета- немесе гамма сәулелерінің әсеріне негізделген медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық пайдалануға арналмаған өзге де аппаратура* | 9022 29 000 0-ден |
| 209. | Көрсетілген мақсаттарға пайдаланылатын аппаратура бөлшектері мен керек-жарақтарын қоса алғанда, медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық мақсатта пайдалануға арналғандардан басқа, өзге де аппаратура* | 9022 90 000 0-ден |
| 210. | Материалдың (мысалы, металдардың, сүректердің, тоқыма материалдарының, қағаздың, пластмассаның) қаттылығын, төзімділігін, тығыздығын, серпімділік немесе басқа да механикалық қасиеттерін сынауға арналған машиналар мен құрылғылар | 9024 |
| 211. | Жазатын құрылғысы бар немесе жазатын құрылғысыз ареометрлер мен сұйыққа батырған кезде жұмыс істейтін соған ұқсас аспаптар, термометрлер (ауруханалық немесе ветеринарлықтан басқа), пирометрлер, барометрлер, гигрометрлер және психрометрлер және осы құралдардың кез келген комбинациялары* | 9025-тен |
| 212. | 9014, 9015, 9028 және 9032 тауар позицияларының құралдары мен аппаратурасынан басқа, сұйықтардың немесе газдардың шығысын, деңгейін, қысымын немесе басқа да құбылмалы | 9026 |

| | | |
|------|---|-------------------------------|
| | сипаттамаларын өлшеуге немесе бақылауға арналған құралдар мен аппаратура (мысалы, шығын өлшегіштер, деңгей көрсеткіштері, манометрлер, жылу өлшегіштер) | |
| 213. | Медицинада пайдалануға арналмаған: физикалық немесе химиялық талдауға арналған құралдар мен аппаратура (мысалы, поляриметрлер, рефрактометрлер, спектрометрлер, газ немесе түтін талдауыштар); тұтқырлығын, кеуектілігін, кеңеюін, беткі жағының созылғыштығын және соған ұқсас өлшеуге немесе бақылауға арналған құралдар мен аппаратура; жылу, дыбыс немесе жарық мөлшерін өлшеуге немесе бақылауға арналған құралдар мен аппаратура (экспонетрді қоса алғанда); микротомдар* | 9027-ден |
| 214. | Оцилоскоптар, спектр талдаушылар, 9028 тауар позициясының өлшеу құралдарынан басқа, электр шамаларын өлшеуге немесе бақылауға арналған өзге де құралдар мен аппаратура; альфа, бета, гамма, рентген, ғарыш немесе өзге де иондаушы сәулелерді табуға немесе өлшеуге арналған құралдар мен аппаратура | 9030 |
| 215. | Осы топтың басқа жерлерінде аталмаған немесе енгізілмеген өлшеу немесе бақылау құралдары, құрылғылар мен машиналар; кескіндеу жобалауыштары | 9031 |
| 216. | Автоматты реттеуге немесе басқаруға арналған құралдар мен құрылғылар | 9032 |
| 217. | Қара металдардан жиналатын құрылыс құрастырмалары: жылыжайлар | 9406 90 310 0 |
| 218. | Модульдік үйлер шығаратын зауыттарға арналған қара металдан немесе өзге материалдардан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары | 940690 390 8 9406 90 900 9 |
| 219. | Өзге материалдардан жасалған жылыжайлар | 9406 90 900 9 |
| | | |

| | | |
|------|---|---------------|
| 220. | Қолдан ұрықтандыру үшін көлемі 0,75 л-ден артық емес термостар және жинақталған түрдегі өзге де вакуумдық ыдыстар | 9617 00 000 1 |
|------|---|---------------|

Ескертпе:

қосылған құн салығынан босату мақсаттары үшін тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодтарымен айқындалады. Тауарлардың атаулары пайдалануға ыңғайлы болу үшін келтірілген.

* тауарлар номенклатурасы код арқылы, сол сияқты тауарлар атауы арқылы да айқындалады.